

"Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ивестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 371 бұйрығына өзгерістер енгізу және "Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 ақпанды № 79 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 наурызда № 32070 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ивестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 371 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15370 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" ҚР Заңының 76-бабының 5-тармағына сәйкес";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау қағидалары, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 ақпанды № 79 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6805 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Индустрія және  
инфрақұрылымдық  
даму министрлінің  
2023 жылғы 14 наурыздагы  
№ 154 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрлінің  
2017 жылғы 21 маусымдағы  
№ 371 бұйрығымен  
бекітілген

**Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулық**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктөрді тасымалдау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 76-бабына сәйкес әзірленді және азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктөрді тасымалдауды айқындайды.

2. Нұсқаулық "Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен ратификацияланған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 18-қосымшаның (бұдан әрі – Конвенцияға 18-қосымша), Халықаралық азаматтық авиация үйімінің "Әуе бойынша қауіпті жүктөрді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарының" Doc 9284 (бұдан әрі – Техникалық нұсқаулықтар) және осы Нұсқаулықтың талаптары мен ережелерін сақтау кезінде әуе кемесіне және оның ішіндегі жолаушыларға және экипажға қауіп төндірмей қауіпті жүктөрдің тасымалдануы кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Қауіпті жүктөрді халықаралық тасымалдауды орындаған кезде осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, сондай-ақ аумағы, аумағынан немесе аумағы арқылы мұндай тасымалдар жүзеге асырылатын елдің заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

4. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар мен терминдер және анықтамалар пайдаланылады:

1) әуе кемесінің командирі (бұдан әрі – ӘКК) – пайдаланушы немесе жалпы мақсаттағы авиация жағдайында әуе кемесінің иесі командир міндетін орындау және ұшудың қауіпсіз орындалуына жауап беру үшін тағайындаған пилот;

2) бекіту – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мыналарға беретін рұқсаттама:

Техникалық нұсқаулықтарда жолаушылар және (немесе) жүк әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған деп көрсетілген және ондай жүктөр бекітуі бар болған жағдайда тасымалдануы мүмкін деген қауіпті жүктөрді тасымалдауға;

Техникалық нұсқаулықтарда айтылған басқа мақсаттарда;

3) босату – Техникалық нұсқаулықтар ережелерінің қолданысынан босатуды көздейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым беретін бекітуден басқа рұқсаттама;

4) буып-тую жиынтығы – сыйымдылықтар және сыйымдылықтардың ішіндегісін ұстап тұру бойынша функцияларын қамтамасыз ету үшін қажетті басқа компоненттер немесе материалдар;

5) БҰҰ тізімі бойынша нөмір – қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Біріккен Үлттар Ұйымының Сарапшылар комитеті берген, бұйымдар немесе заттарды немесе нақты бұйымдар немесе заттар тобын белгілеу үшін химиялық заттарды сыйыптау және таңбалалу жүйесіндегі жаһандық деңгейде келісілген төрт таңбалы нөмір;

6) ерекшелік – Нұсқаулықтың және Конвенцияға 18-қосымшаның ережелері, оған сәйкес қауіпті жүктердің белгілі бір түріне әдете осы түрге қолданылатын талаптар таратылмайды;

7) ауыр оқиға – жағдайлары әуе кемесін пайдалануға байланысты авиациялық оқиғаның орын алған жоғары ықтималдығын көрсететін оқиға, ол басқарылатын әуе кемесі жағдайында адам үшу ниетімен әуе кемесінің бортына көтерілген сәттен бастап, борттағы барлық адамдар әуе кемесінен кеткен сәтке дейін немесе. ұшқышсыз әуе кемесі болған жағдайда, әуе кемесі үшу мақсатымен орнынан қозғалуға дайын болған сәттен бастап орын алады, ұшудың соңында тоқтағанға дейін және негізгі электр станциясы өшірілгенге дейін;

8) жолаушылар әуе кемесі – экипаж мүшесі, қызметтік міндеттерді орындау кезінде пайдалануышының қызметкері, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның (уәкілетті ұйымның) уәкілетті өкілі немесе жүк партиясын немесе басқа жүкті алып жүруші болып табылмайтын, адамды тасымалдауды жүзеге асыратын әуе кемесі;

9) жөнелту мемлекеті – оның аумағында жүк жөнелтілімі бастапқыда әуе кемесінің бортына тиелетін мемлекет;

10) жүк әуе кемесі – жолаушы әуе кемесінен басқа, жүк немесе мұлік тасымалдайтын әуе кемесі;

11) жүк жөнелтілімі – пайдаланушы бір жүк жөнелтушіден бір уақытта және бір мекенжайға апаруға қабылдаған, бір партияға енгізілген және бір межелі пунктке бір жүк алушыға тасымалданатын қауіпті жүгі бар бір немесе бірнеше орындар;

12) жүк орны – буып-түю жиынтығынан тұратын және онда қамтылған, тасымалдауға дайындалған жүкті буып-түю бойынша операциялардың соңғы өнімі;

13) жүктерді орау құралы – жүк контейнерінің, авиациялық контейнердің, торы бар авиациялық теген немесе қорғаныс қалпағының үстіндегі торы бар авиациялық тегеннің түрі;

14) қауіпті жүктер – адамның өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне және мұлкіне немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін, қауіпті жүктердің тізбесінде көрсетілген, Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарда айқындалатын бұйымдар немесе заттар;

15) қауіпті жүктермен байланысты оқиға – нәтижесінде қандайда бір адамды өлімге әкелетін дene жарақатын алған немесе күрделі дene жарақатын алған немесе мұлікке және қоршаған ортаға күрделі зақым әкелген қауіпті жүктерді әуе бойынша тасымалдауға қатысты оқиға және оған байланысты жағдай;

16) қауіпті жүктермен байланысты оқыс оқиға – қауіпті жүктерді әуе бойынша тасымалдауға қатысты оқыс оқиға және оған байланысты оқиға, әуе кемесінің бортындаған емес және қауіпті жүктерге байланысты оқиға болып табылмайтын, буып-түю жиынтықтың бұзылғанын куәландыратын құбылыстарға, қандайда бір

адамның дene жарақатына алып келетін, мұлікке немесе қоршаған ортаға зақым келтіруге, өртке, бұлінуге, сұйықтық немесе радиацияның төгілуіне соқтықтыратын оқыс оқиға. Сондай-ақ, әуе кемесіне немесе оның бортындағы адамдарға қауіп төндіретін, қауіпті жүктөрді тасымалдаумен байланысты оқиға қауіпті жүктөрмен байланысты оқыс оқиға ретінде қаралуы мүмкін;

17) межелі мемлекет – оның аумағында жүк жөнелтілімі әуе кемесінің бортынан толығымен түсірілетін мемлекет;

18) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе занды тұлға;

19) сыртқы буып-түю – бір немесе бірнеше жүк орындарын біріктіру және өндөу мен сақтауға қолайлы болу үшін бірыңғай өндөлөтін бірлік құру мақсатында бір жүк жөнелтуші пайдаланатын ыдыс;

20) тағайындалған оператор – Қазақстан Республикасының барлық аумағында Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен туындастырылған пошта байланысы қызметтерін көрсетуді және оларға қатысты міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган тағайындастырылған пошта операторы.

21) ұшу екипажының мүшесі – авиация персоналына жататын, авиация персоналының қолданыстағы күәлігі бар, ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқаруға байланысты міндеттер жүктелген адам;

22) үйлеспеушілік – қауіпті жүктөрдің араласуы кезінде жылу немесе газдың қауіпті бөлінуі немесе коррозиялық заттардың пайда болуы мүмкін қауіпті жүктөрге қолданылатын термин;

23) екипаж мүшесі – авиация персоналына жататын, ұшу уақыты ішінде әуе кемесінің бортында белгілі бір міндеттерді орындау үшін тағайындалған адам.

5. Заттар мен бұйымдарды жіктеу Техникалық нұсқаулықтардың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

6. Техникалық нұсқаулықтар тізбесінде жіктелген және көрсетілген адам денсаулығы мен мұлік пен қоршаған ортаға қауіп төндіретін қауіпті жүктөр Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес әуе кемелерімен тасымалданады.

7. Осы Нұсқаулық ұшу жарамдылығының талаптарына және әуе кемесін пайдалану қағидаларына сәйкес немесе Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген арнайы мақсаттар үшін әуе кемесінің бортында қажетті қауіпті жүктөрге қолданылмайды.

8. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын қалпына келтіру мақсатында ауыстыруға арналған немесе әуе кемесінен сол мақсатпен алынған қауіпті деп топтастырылатын бұйымдар және заттар әуе кемесінің бортында Техникалық нұсқаулықтардың және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тасымалданады.

9. Жолаушылармен немесе екипаж мүшелерімен тасымалданатын нақты бұйымдар мен заттар Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілгендей осы Нұсқаулықтың ережелеріне бағынбайды.

10. Сыныптандырылмаған, таңбалануы, қауіптік белгілері және буып-түйілуі Техникалық нұсқаулықтар талаптарына сәйкес келмейтін қауіпті жүктөр әуе кемелерімен тасымалдау үшін қабылданбайды.

Техникалық нұсқаулықтарда көзделген жағдайларды қоспағанда, жолаушылар мен екипаж мүшелеріне тіркелген бағаж және қол жүгі ретінде қауіпті жүктөрді тасымалдауға жол берілмейді.

11. Қауіпті жүктөр осы Нұсқаулық және Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес буып-түйілетін жинақтарда буылып-түйіледі және тасымалданады. Қауіпті жүгі бар жүк орны Техникалық нұсқаулықтар талаптарына сәйкес таңбалау белгілерімен жаракталады.

12. Әуе бойынша қауіпті жүктөрді тасымалдау кезінде жұмылдырылған жүк жөнелтушілер, пайдаланушылар және басқа да ұйымдар әуе бойынша тасымалдауға және Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес дайындалған, әуеайлақтарға немесе әуеайлақтардан жерде тасымалдауға болжанған қауіпті жүктөрді қабылдау бойынша Техникалық нұсқаулықтардың талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

13. Әуе кемесін пайдаланушы осы қауіпті жүктөр тасымалданған рейсті орындағаннан кейін тиісті мемлекеттермен көрсетілген кемінде үш ай мерзімінде немесе басқа кезеңде әуе кемесінің командиріне қауіпті жүктөрді тасымалдау құжатының, бақылау қабылдау-парақшасының сақталуын және жазба ақпаратын қамтамасыз етеді.

14. Қауіпті жүктөрді тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған функцияларды орындайтын персоналдың жұмыс берушісі Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес қауіпті жүктөр саласында персоналды даярлау бағдарламасын әзірлейді және қолданады.

15. Қауіпті жүктөрді әуе арқылы тасымалдау кезінде іске қосылған пайдаланушылар, тағайындалған операторлар және басқа ұйымдар үшін қауіпті жүктөрді дайындау бағдарламасын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бекітеді.

## **2-тaraу. Азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктөрді тасымалдау тәртібі**

16. Жүк жөнелтуші жүк жөнелтілімін әуе кемелерімен тасымалдау үшін қауіпті жүктөрді анықтайды және тиісті түрде дайындаиды.

Әуе кемелерімен тасымалдау үшін қауіпті жүктің жүк орнын немесе сыртқы буып-түюлерді ұсынудың алдында жүк жөнелтуші қауіпті жүктөрдің әуе кемелерімен тасымалдануына тыйым салынбағанына, сыныпталғанына, буып-түйілгеніне, таңбаланғанына, қауіптілік белгілерімен жаракталғанына және жүк жөнелтушінің Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес ресімделген қауіпті жүктің ілеспе декларациясының (қауіпті жүкті тасымалдау құжаты) болуына көз жеткізеді.

17. Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, әуе кемелерімен тасымалдау үшін қауіпті жүктөрді беретін адам пайдаланушыға қауіпті жүктөрді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау курсы бойынша оқыту сертификатын береді,

оның біліктілігін растайды, Техникалық нұсқаулықтарда көзделген ақпаратты қамтитын қауіпті жүк жөнелтушінің декларациясын жасайды, қол қояды және пайдаланушыға береді.

18. Авиа жүккүжатында әуе кемелерімен тасымалдауға ұсынылған қауіпті жүк толық көлемде тиесінше атауларына сәйкес айқындалған жіктелген, буып-түйілген, таңбаланған, қауіптілік белгілермен жарақталған және осы Нұсқаулықтың және Техникалық нұсқаулықтардың талаптарын сақтай отырып әуе кемесімен тасымалдауға дайын қалыпта екені туралы куәланышыратын жүк жөнелтушінің қауіпті жүккө декларациясы туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

19. Шет мемлекетке әуе кемелерімен қауіпті жүктегерді тасымалдау кезінде декларация қосымша ағылшын тіліне аударылады.

20. Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген аса қауіпті жүкті азаматтық әуе кемелерімен тасымалдау үшін қабылдауды пайдаланушы жүк жөнелтушімен жөнелту және жүк қабылдаушымен аса қауіпті жүкті қабылдауға дайындығы туралы растауды алғаннан кейін, сондай-ақ әуе кемесінің ұшу бағыты бойынша барлық әуежайлардың ерекше қауіпті жүкті қабылдауға және өндеге дайындығы туралы растауды алғаннан кейін жүзеге асырады.

21. Әуе кемесінің қауіпті жүкпен ұшуды алдында, пайдаланушы немесе жүктегер мен поштаға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша әуежайлар қызметті жүзеге асыратын занжды тұлға (әуежайда жүктегерді жерде өндеге жөніндегі агент) қауіпті жүкті әуе кемесіне тиегенге дейін әуе кемесінің командиріне Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес қауіпті жүк туралы жазбаша ақпарат береді. Әуе кемесі командиріне ұсынатын ақпарат мыналарды қамтиды:

- 1) авиа жүккүжатының номірін (егер ол берілген болса);
- 2) техникалық нұсқаулықтарда көрсетілгендей, қажеттілігіне қарай техникалық атаумен және БҰҰ тізімі бойынша номірімен толықтырылған тиісті тиесінше атауын;
- 3) сыныбы немесе санаты, сондай-ақ үйлесімділік тобының 1-сыныбы жағдайында сандық мәнін көрсете отырып, қосымша қауіптілік қойылған белгілеріне (белгілеріне) сәйкес келетін қосымша қауіптілігін (қауіптіліктер);
- 4) қауіпті жүктегерді тасымалдау құжатында көрсетілген буып-тую тобын;
- 5) жүк орындарының саны және оларды тиегеннен кейінгі орналасқан нақты орнын;
- 6) нетто саны немесе қолданылатын болса, радиоактивтік заттардан немесе қауіпті жүктегерді тасымалдау құжатында нетто саны мен брутто салмағын көрсету талап етілмейтін қауіпті жүктегерден басқа әрбір жүк орнының брутто салмағын;
- 7) радиоактивті заттар үшін - жүк орындарының, сыртқы буып-түйілердің немесе жүк контейнерлерінің саны, олардың санаты, көлік индексі (егер талап етілсе) және олардың тиелгеннен кейінгі нақты орналасқан орны;
- 8) осы жүк орны тек жүк әуе кемесімен тасымалдануы тиістілігі туралы нұсқауды;
- 9) жүк орнының түсірілуіне тиісті әуеайлақты;

10) осы қауіпті жүктердің осы мемлекеттің босатуына сәйкес тасымалданатыны туралы нұсқауды;

11) ұшу кезінде әуе кемесінің бортында авариялық жағдай туындаған жағдайда пайдаланушы (тасымалдаушы), жөнелту және межелі әуежайлар әуе кемесінің бортындағы қауіпті жүктер туралы ақпаратты ала алғын жүк жөнелтушінің телефон нөмірін.

22. Қауіпті жүк тиелген әуе кемесінің ұшуы алдында пайдаланушы тағайындалған әуежайға әуе кемесінің бортындағы қауіпті жүк туралы ақпарат береді.

23. Пайдаланушиның ұшуларды орындау жөніндегі нұсқауында әуе кемесінің ұшу әкипажымен қауіпті жүкті тасымалдауды орындау үшін және қауіпті жүк тиелген әуе кемесінің бортында авариялық жағдай туындаған жағдайда іс-қимылдары туралы қажетті ақпараты болады.

24. Пайдаланушы әуе кемесімен тасымалдауға қауіпті жүктерді мынадай жағдайларда тасымалдауға қабылдамайды:

1) егер қауіпті жүктерге, Техникалық нұсқаулықтарда осындай құжаттардың болуы талап етілмейді деп көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жүк жөнелтушінің декларациясы болмаса;

2) Техникалық нұсқаулықтарда қабылдау тәртібіне сәйкес жүк орнын сыртқы буып-түосіз немесе қауіпті жүк тиелген контейнерін тексеруден өткізбей;

25. Пайдаланушы осы Нұсқаулықтың 24-тармағын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қауіпті жүктердің қабылдау-бақылау тізбесін әзірлейді.

26. Әуе кемесінің бортына қауіпті жүктердің орамдарын және радиоактивті заттармен жүк контейнерлерді тиеу және оларды орналастыру Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

27. "Тек жүк әуе кемесімен" белгісімен қауіпті жүктері бар жүк орындары Техникалық нұсқаулықтардың ережелеріне сәйкес тиеледі.

28. Жүк орындары, қауіпті жүктермен сыртқы буып-түюлер және радиоактивті заттары бар жүк контейнерлері әуе кемесінің бортына немесе сыртқы буып-түю болып табылмайтын қауіпті жүктерді орау құралына тиелгенге дейін ағып кету және бүліну белгілерінің болмауына тексеріледі. Аққан және бүлінген жүк орындарын, сыртқы буып-түюлер мен жүк контейнерлерін әуе кемесінің бортына тиеуге рұқсат етілмейді.

29. Егер әуе кемесінің бортына тиелген қауіпті жүгі бар жүк орны зақымдалған болса немесе ағып кеткен болса, онда пайдаланушы жөнелтуші немесе тиеуді жүзеге асыруши ұйымның мұндай жүк орнын әуе кемесінің бортынан алып тастауы бойынша барлық шараларды қолданады, одан кейін жүк жөнелтілімінің қалған бөлігін ластанудан қорғауды қамтамасыз етеді.

30. Жүк орындары, қауіпті жүктермен сыртқы буып-түюлер және радиоактивті заттары бар жүк контейнерлері әуе кемесінен немесе қауіпті жүктерді орау құралдарынан түсіру кезінде бүліну немесе ағып кету белгілерінің болмауы

пайдаланушымен тексеріледі. Бұліну немесе ағып кету белгілері анықталған кезде әуе кемесінің бортындағы қауіпті жүктөр немесе қауіпті жүктөрді орау құралдары орналасқан аймақ бүлінудерді немесе ластануларды анықтау мақсатында тексеріледі.

31. Әуе кемесі бортында қауіпті жүктөрдің ағып кетуі немесе бүлінуі нәтижесінде болған қауіпті ластанулар дереу жойылады.

32. Радиоактивті заттармен ластанған әуе кемесі қолжетімді жазықта радиация деңгейі немесе бекітілмеген ластану деңгейі Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген мәндерден төмен болмайынша пайдаланудан шұғыл түсіріледі.

33. Бір-бірімен қауіпті өзара іс-қимылға түсугү мүмкін қауіпті жүктөрі бар жүк орындары әуе кемесі бортында қатар немесе ағып кету жағдайында өзара іс-қимылға түсулеріне әкелетін қалыпта орналастырылмайды. Үйлеспейтін қауіпті жүктөр бір-бірінен жеке орналасады.

34. Әуе кемесі бортында улы немесе инфекциялық заттармен жүк орындары Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес орналастырылады.

35. Радиоактивті материалдармен жүк орындары әуе кемесінің бортында адамдардан, жануарлардан немесе шығарылмаған фотопленкадан бөлек, Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес орналастырылады.

36. Егер қауіпті жүктөр әуе кемесінің бортына осы Нұсқаулыққа сәйкес тиелген болса, онда пайдаланушы қауіпті жүктөрдің бүлінуден қорғауды қамтамасыз етеді. Қауіпті жүк ұшу уақытында әуе кемесінің бортында қозғалмайтындей етіп бекітіледі. Радиоактивті заттары бар жүк орындары әуе кемесінің бортында ұшу кезінде осы Нұсқаулықтың 35-тармағын сақтау қамтамасыз етілетіндегі бекітіледі.

37. Егер пайдаланушы қауіпті жүктөрі бар орындарда жоғалу, бекітпенің бұзылу немесе қауіптілік белгілерінің сәйкесіздігін анықтаса, онда ол қауіпті жүктөрді тасымалдау құжатында келтірілген ақпаратты есепке ала отырып, тиісті қауіптілік белгілерімен ауыстыруды жүзеге асырады.

38. Әуежайлар әкімшілігі және пайдаланушылар Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес әуе кемесінің бортында тасымалдауға рұқсат етілмеген қауіпті жүктөрдің түрлері туралы жолаушылар ескертілетіндегі етіп жолаушыларға ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді.

39. Әуеде қауіпті жүктөрді тасымалдау кезінде жұмылдырылған жүк жөнелтушілер, пайдаланушылар және басқа да ұйымдар ұрлау және адамдардың өміріне, мұлігіне немесе қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін қауіпті жүктөрді тиісінше пайдаланбау жағдайларын азайту мақсатында авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде Заң талаптарына және Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес қауіпті жүктөрдің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

40. Әуеде қауіпті жүктөрді тасымалдау кезінде жұмылдырылған жүк жөнелтушілер, пайдаланушылар және басқа да ұйымдар Қазақстан Республикасының ұлттық

заңнамасына сәйкес қауіпсіздік техникасы мен санитарлық гигиена бойынша талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді.

41. Пайдаланушылар, жүк жөнелтушілер және басқада ұйымдар өз персоналына қауіпті жүктөрді тасымалдаумен байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты ұсынады және қауіпті жүкпен авариялық жағдай туындаған кездегі іс-қимылдары туралы нұсқаулар береді. Рәсімдері бар қажетті ақпарат Техникалық нұсқаулықтарға және Әуе кемелеріндегі қауіпті жүктермен байланысты оқыс оқиғалар жағдайында авариялық жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес әзірленеді.

42. Қауіпті жүктөрі бар әуе кемесінің бортында ұшу кезінде авариялық жағдай туындаған кезде, әуе кемесінің командирі Техникалық нұсқаулықтарға және Әуе кемелеріндегі қауіпті жүктермен байланысты оқыс оқиғалар жағдайында авариялық жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес әуе кемесінің барлық қауіпті жүктөрі туралы әуе кемесінің қонуын әуежайға беру мақсатында ол туралы әуе қозғалысына қызмет көрсету органына хабарлайды.

43. Қауіпті жүктөрі бар әуе кемелері бортында авиациялық оқиға немесе күрделі оқыс оқиға туындаған жағдайда, әуе кемесін пайдаланушы дереу әуе кемесінің бортындағы қауіпті жүктөр туралы мәліметті (әуе кемесінің командиріне ұсынылған жазбаша ақпаратта қамтылған) жібереді. Пайдаланушы авиациялық оқиға немесе күрделі оқыс оқиға болған мемлекеттің және пайдаланушы мемлекеттің азаматтық авиация саласындағы тиісті уәкілетті органдарына 24 сағат ішінде мәлімет береді.

44. Күрделі авиациялық оқыс оқиға болған жағдайда қауіпті жүгі бар әуе кемесінің пайдаланушысы дереу сұрау салу бойынша осы оқыс оқиғаға байланысты жұмылдырылған авариялық қызметтерге және авиациялық күрделі оқыс оқиға болған мемлекеттің азаматтық авиация саласындағы тиісті уәкілетті органына әуе кемесінің бортындағы қауіпті жүктөр туралы (әуе кемесінің командиріне ұсынылған жазбаша ақпаратта қамтылған) мәліметті хабарлайды.

45. Жүкте немесе почтада жарияланбаған немесе дұрыс жарияланбаған қауіпті жүктөр табылған кезде, сондай-ақ жолаушыларды немесе экипаж мүшелерін бағажда немесе қол жүгінде тасымалдауға жол берілмейтін қауіпті жүктөр табылған кезде, пайдаланушы немесе қауіпті жүктөрді әуе арқылы тасымалдау кезінде тартылған басқа ұйым Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға осы күннен бастап 72 сағат ішінде есебін ұсынады.

### **3-тарау. Азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктөрді тасымалдау кезіндегі шектеулер**

46. Осы Нұсқаулықта және Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген жағдайлардан басқа қауіпті жүктөрді азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым салынады.

47. Қарапайым жағдайларда әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым салынған ретінде Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген қауіпті жүктөрді және осы Нұсқаулықтың 51-

тармағына сәйкес босатылған кезде залалданған жануарларды азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға немесе жөнелтуші мемлекет берген бекітүге сәйкес қауіпті жүктөрді тасымалдау мүмкіндігі туралы Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес тасымалдауға рұқсат етілмейді.

48. Әр түрлі жағдайларда әуе кемелерімен тасымалдау үшін тыйым салынғандар ретінде Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген түрдегі азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктөрді тасымалдауға тыйым салынады.

49. Техникалық нұсқаулықтарда көзделген жағдайлардан басқа, қауіпті жүктөр әуе кемесінің жолаушылар салонында немесе әуе кемесінің экипаж кабинасында тасымалданбайды.

50. Қауіпті жүктөрді орау құралы, оларда орналасқан қауіпті жүктөрдің ағып кетуін немесе бүлінуінің жоқтығын анықтайтын тексеруге дейін әуе кемесінің бортына тиеге жол берілмейді.

#### **4-тaraу. Азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктөрді тасымалдауға тыйым салудан босату**

51. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Техникалық нұсқаулықтарға сәйкес ерекше жағдайларда азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктөрді тасымалдауға тыйым салудан босатуды ұсынады:

- 1) төтенше жағдайларда;
- 2) басқа көлік түрлерін пайдалану орынсыз болғанда;
- 3) белгіленген талаптарды нақты сақтау қоғамдық мүдделерге қайшы болғанда.

Төтенше жағдайлармен туындаған қауіпті жүктөрді тасымалдау қажеттілігі мыналармен негізделеді:

гуманитарлық және экологиялық көмек көрсетумен;  
эпидемиямен;  
ұлттық немесе халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен;  
адамдарды құтқарумен (авариялық-құтқару жұмыстары).

Тек коммерциялық мақсатта шартталған өтініштер қаралмайды.

52. Қауіпті жүктөрді тасымалдауға босатуды алу үшін пайдалануыш азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) әуе бойынша бұйымдарды немесе заттарды тасымалдау қажеттілігінің негіздемесі;
- 2) Техникалық нұсқаулықтарда көзделген деңгейге тең қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өтінім берушімен келісілген шараларды қоса алғанда, тасымалдау кезінде қауіпсіздік деңгейі қамтамасыз етілетінін көрсететін негіздеме;
- 3) барлық нақтыланған техникалық деректермен жүктің атауы, сыныптауы және БҰҰ тізімі бойынша нөмірі;
- 4) ұсынылатын буып-түю жиынтығы;
- 5) тасымалдауға жататын жук орнының саны;

- 6) өндөу түрлері және авариялық жағдайлардағы іс-қымылдар;
- 7) жүк жөнелтуші мен жүк алушының атаулары мен мекенжайлары;
- 8) ұшу, транзит, межелі әуежайлар, межелі мемлекет, жөнелту мемлекеті және тасымалдаудың болжамды мерзімдері мен бағыты;
- 9) әуе кемесінің түрін, рейс нөмірін, тасымалданатын жүктеге арналған қауіпсіздік паспортын, қауіпті жүк декларациясын, қауіпті жүкті қабылдаудың бақылау парагын, пайдалану ерекшеліктерін, ұшуға жарамдылық сертификатын, пайдаланушы сертификатын, қауіпті жүк декларациясын толтырған адамның және қауіпті жүкті қабылдаудың бақылау парагын толтырған адамның қауіпті жүктег бойынша курстарға оқыту сертификатын қоса алғанда, пайдаланушы туралы толық мәліметтер.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жоғарыда баяндалған мәліметтерге талдау және Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген тәуекел факторларына сәйкес тәуекелдерді бағалауды жүргізеді.

Осы Нұсқаулықтың 52-тармағына сәйкес құжаттар ұсынылмаған не дәйекіз ақпарат берілген жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым өтініш тіркелген сәттен бастап ұш жұмыс күні ішінде босатуды беруден дәлелді бас тартуды береді.

53. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым беретін босатуда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) қауіпті жүктің БҰҰ тізімі бойынша нөмірі, тиісті тиеу атауы және сыныптауы;
- 2) буып-тұю жиынтығы және қолданылатын саны;
- 3) осы Нұсқаулықтың 52-тармағының 6), 7), 8) тармақшаларында аталған ақпарат;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағына қонбай орындалатын рейстерді қоспағанда қауіпті жүктегді тиеуге және түсіруге қатысты талаптар;
- 5) босатудың қолданылу мерзімі (босатуды беру күнінен бастап бір айдан аспайды).

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым босатуды алуға арналған өтінімді оны алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

54. Босатуды беру тек жүк әуе кемелерінде қауіпті жүктегді тасымалдауға ғана көзделеді.

Жолаушылар әуе кемелерінде босату болған жағдайда қауіпті жүктегді тасымалдау жолаушыларсыз орындалады.

## **5-тaraу. Қауіпті жүктегді пошта жөнелтілімдерімен тасымалдау**

55. Жалпы мақсаттағы тауарлар ретінде жасырын немесе жалған мәлімделген қауіпті жүктегді әуе поштасы ретінде пошта арқылы жіберуге жол берілмейді.

56. Мынадай қауіпті жүктег осы Нұсқаулықтың және Техникалық нұсқаулықтардың талаптарын ескере отырып азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның рұқсатын ескере отырып авиапошта жөнелтімі ретінде қабылданады:

1) адамдардан немесе жануарлардан тікелей алынған үлгілер, секрециялар, секреция өнімдері, қан және оның компоненттері, тіндік сұйықтықтың тіндері мен жағындылары, сондай-ақ ауруларды зерттеу, диагностикалау, тергеу, емдеу және алдын алу үшін тасымалданатын дене бөліктері;

2) тек в санатына жатқызылған жүқпалы заттар және көмірқышқыл газы, егер ол Техникалық нұсқаулықтардың талаптарын сақтай отырып, салқыннатқыш ретінде пайдаланылса, қатты (құрғақ мұз);

Хладагент ретінде құрғақ мұзы бар пошта жөнелтілімдерін пайдаланушыға тағайындалған пошта операторы жеке ұсынады;

3) Техникалық нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес босатылған қаптамадағы радиоактивті зат.

4) жабдықтағы литий-ионды батареялар.

жеке жүк орнында пошта төрт элементтен немесе екі батареядан аспайтын мөлшерде тасымалданады;

5) жеке жүк орнында жабдықта ұсталатын литий-металл батареялар пошта арқылы төрт элементтен немесе екі батареядан аспайтын мөлшерде тасымалданады.

57. Әуе арқылы тасымалдау үшін қауіпті жүктөрдің пошта жөнелтілімдерін бақылауды жүзеге асыру мақсатында тағайындалған оператор пайдаланатын рәсімдерді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйим бекітеді.

58. Тағайындалған операторы қауіпті жүктөр бойынша оқытуудың белгіленген рәсімдері мен бағдарламасының осы Нұсқаулықтың талаптарына және Техникалық нұсқаулықтардың қолданылатын талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

59. Тағайындалған операторы әуе арқылы тасымалдау үшін қауіпті жүктөрдің көрсетілуін бақылау рәсімдерін әзірлейді:

1) Техникалық нұсқаулықтардың ережелеріне сәйкес қызметкерлерді даярлау;

2) қауіпті жүктөрмен байланысты оқигалар мен инциденттер туралы есептерді ұсыну;

3) жасырын немесе жарияланбаған қауіпті жүктөр анықталған жағдайлар туралы есептерді ұсыну;

4) қабылдау пункттерінде клиенттерге ақпарат беру (көше пошта жәшіктері, пошта бөлімшелері, интернет-ресурстар);

5) шарттық қызмет көрсетуде түрған клиенттерге қауіпті жүктөргө қатысты ақпарат беру;

6) шарттық қызмет көрсетуде түрған клиенттермен келісімшарттарға пошта арқылы тасымалдауға рұқсат етілмеген қауіпті жүктөргө қатысты ережелерді енгізу;

7) авариялық жағдайларда әрекет ету тәртібі;

8) құжаттарды сақтау (құрғақ мұзды қабылдаудың бақылау тізбелері және басқа);

9) тасымалдауға Техникалық нұсқаулықтардың ережелерімен рұқсат етілетін қауіпті жүктөрді қабылдаудың Құжаттамалық ресімделген тәртібін қызметкерлердің пайдалануы;

10) қауіпті жүктөрі, атаулары, мекенжайлары және жөнелтушінің қолдары бар қаптамаларға міндettі түрде жағу;

11) Техникалық нұсқаулықтарда қамтылған сәйкесіздіктер туралы мемлекет немесе пайдаланушы ұсынған мәліметтерді есепке алу;

12) Техникалық нұсқаулықтарға енгізілген пошта жөнелтілімдерінде қауіпті жүктөрді тасымалдауға қатысты қолданыстағы рәсімдердегі өзгерістерді есепке алу;

13) тасымалдауға қабылданбаған жүк орындарымен жұмыс істеу тәртібі.

60. Тағайындалған операторының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндettтерін орындаудың тиісті талаптары мәселелері бойынша даярлықтан өтеді және әуе поштасымен тасымалдауға рұқсат етілген және қауіпті жүктөрдің барлық сыйнштарын қабылдауға қатысы жоқ заттарға тікелей қатысты талаптар мәселелері бойынша ғана даярлықтан өтеді.

Тек қауіпті жүктөрді қамти алмайтын хаттарды, хат-хабарларды немесе баспа материалдарын өндеумен айналысадын тағайындалған операторының қызметкерлеріне даярлықтан өту талап етілмейді.

## **6-тарау. Радиоактивті заттарды тасымалдау**

61. Радиоактивті заттарды тасымалдау конструкциясын ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды тасымалдауға рұқсат етілген қаптаманың коды мен түрін, тасымалдау шарттарын, нөмірі мен тіркелген күнін, олардың қолданылу мерзімін көрсете отырып, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган бекітетін көліктік буып-тұю жиынтықтарында жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағы шегінде ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды тасымалдауға байланысты қызмет түріне берілген атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияның болуы;

2) "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 28 мамырдағы № 183 бұйрығын ескере отырып (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарын орындау.

62. Тиісті шекті дозалардың жеке сәулелену дозаларынан асып кетуіне жол берілмейді. Қорғау және қауіпсіздік жеке дозалардың шамасы, сәулеленуге ұшыраған

адамдардың саны және сәулелену ықтималдығы ақылға қонымды қол жеткізуге болатын төмен деңгейде ұсталатындай қамтамасыз етіледі.

63. Пайдаланушының қауіпті жүктөрін тасымалдауға, жерге қызмет көрсетуге, жүк жөнелтушілерге және басқа ұйымдарға тағайындалған жауапты тұлғалар радиациялық қауіпсіздік және осы қызметкерлер мен олардың әрекеттері нәтижесінде зардап шегуі мүмкін басқа адамдар ұшырайтын сәулелену деңгейін шектеуді қамтамасыз ету үшін сақталуы қажет сақтық шаралары бойынша оқытылады.

64. Радиоактивті заттарды тасымалдауға қатысатын пайдаланушылар, жерусті қызмет көрсету агенттері, жүк жөнелтушілер және басқа ұйымдар қабылдау, өндеу, тиу және тасымалдау бойынша бірлескен өзара іс-кимыл технологияларын әзірлейді. Технология тасымалдаудың әр кезеңінде әр қатысушының жауапкершілігін қарастырады.

Осы технология азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісіледі.

65. Радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде іске қосылған пайдаланушылар, жерусті қызмет көрсету агенттері, жүк жөнелтушілер және басқа да ұйымдар авариялық дайындық және ден қою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аварияға қарсы іс-шаралардың жоспарларын әзірлейді және бекітеді.